

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2022 жылғы 27 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Депутаттық сауалда қоғамымыздың маңызды мүшесі саналатын, десе де кейде бар-жоғы еленбей, ескерілмей қалатын жандардың мәселесін көтергім келіп отыр. Ол – естуінде кемістігі бар, мүлдем естімейтін, сонымен бірге көз жанарында да кемістігі бар жандар.

«AMANAT» партиясын сайлауалды бағдарламасының Жол картасында мүгедектігі бар және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қоладуға бөлім арналған. Партия қызметін жаңғырту аясында мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған «Кедергісіз келешек» партиялық жобасын одан әрі жандандыруда. *(«Кедергісіз келешек» партиялық жобасын іске асыру шеңберінде ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған 22 мың әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін бейімдеу бойынша жұмыс жүргізу жоспарланған.)*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев *(2019 жылғы 2 қыркүйектегі)* Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» деп ерекше атап өткен болатын. Менің де жаныма батқаны – біз осындай диагнозы бар жандарға, әсіресе балаларға тиісті көңіл бөле алмай жатырмыз. Бұған мен өңірлерге сапарым кезінде нақты көз жеткіздім. Мәселен, қабылдауыма келген көпбалалы әкенің бір баласының естуінде кемістігі бар, саңырау екен. Ол баласының не ойлайтынынан, не қалайтынынан мүлдем бейхабар. Балаға өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі болу үшін, тиісті білім жинағын беруге Үкімет тарапынан қарастырылған жағдай жеткіліксіз болып отыр.

Республика бойынша аудандарда және ауылдық округтерде мектеп жасына дейінгі есту және көру қабілеті бұзылған балалар үшін «күндізгі орталықтар» *(инклюзивті білім беру орталықтары)* жоқ. Сапалы білімнің жоқтығынан есту қабілеті бұзылған азаматтар үшін құжаттар рәсімдеу кезінде,

басқа да тұрмыстық жағдайларда қиындықтар туады. Біз олар тіпті отбасы мүшелерімен де түсінісе алмайтынын нақты мысалдардан көріп отырмыз. Оларға таңдап алуға берілетін есту аппараттары арзан және сапасы төмендеу болуда.

Сонымен қатар, есту және көру қабілеті бұзылған азаматтардың арасында жұмыссыздық көрсеткіші жоғары. Сондықтан олар еңбек нарығында бәсекеге сай емес.

Осыған орай, келесі ұсыныстарымды қарастыруды сұраймын:

1. Әрбір аудан орталығындағы орта мектептерде мұндай балалармен сапалы жұмыс істейтін, жаңа технологиялармен жабдықталған кабинеттер ашып, білікті педагогтармен қамтамасыз ету қажет ;

2. Мемлекеттен берілетін есту аппаратының сапасын жоғарылату мақсатында балаларға кемінде 16 каналды аппараттарды алуға мүмкіндік беру және ол үшін шекті баға мөлшерін көтеру;

3. Ауданнан, ауылдық округтерден қалаға қатынайтын қоғамдық көліктерде жүру үшін арнайы жеңілдіктер қарастыру (*әсіресе 3 топ мүгедектері үшін*);

4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қайта даярлау курстарында және жеке кәсіптерін ашуы үшін «Атамекен» ҰКП «Бастау Бизнес» онлайн курсының аясында ым-ишара тілінде оқытуды қарастыру;

5. Жан басына шаққандағы қаржыландыруға арнайы механизмдерді енгізуді қарастыру арқылы және қосымша білім беру бағдармалары аясында, ерекше қажеттілігі бар балаларды сурдоаудармашымен спорттық секцияларға қатыстыру мен интеллектуалдық дамыту мәселесін қолға алу.

Депутаттық сауалды қарау нәтижесі бойынша заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
Парламент Мәжілісінің депутаттары,
«Amanat» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Ә. Әбсеметова
Д. Әлімбаев
Ж. Сүлейменова**

*Шалхарбаев Азамат
74-61-06
Shalharbaev@parlam.kz*

Результаты согласования

27.04.2022 15:28:12: Алимбаев Д. К. (Комитет по финансам и бюджету) - - согласовано без замечаний

27.04.2022 15:35:00: Сулейменова Ж. Д. (Комитет по социально-культурному развитию) - - согласовано без замечаний